



Баланы басқа балабақшаға қалай ауыстыруға болады?



- ◆ Балаңызды басқа балабақшаға ауыстыруды жоспарлап отырған ата-аналар бұл үдерістің негізгі қадамдарын білуі қажет.
- ◆ Ауыстыру үшін алдымен **қазіргі балабақшадан баланы шығарып**, жаңа **балабақшамен келісімшарт жасалуы** тиіс — егер онда бала жасына сай бос орындар болса.
- ◆ Бұл ретте ваучер алу үшін қайта кезекке тұрудың қажеті жоқ: бала балабақшадан шыққаннан кейін ваучер **5 жұмыс күні бойы күшінде болады**.



- ◆ Егер таңдаған балабақшада қазіргі кезде бос орын болмаса, күту парагына жазылуға болады.
- ◆ Бұл орын босай қалған жағдайда автоматты түрде шақырту алуға мүмкіндік береді.
- ◆ Ең үздік балабақшадағы орынды жіберіп алмау үшін ата-аналар күн сайын **бос орындар туралы хаттаманы бақылап отыруына** немесе **күту парагын** пайдалануына болады — бұл бос орын пайда болған кезде жедел хабарлама алуға көмектеседі.



◆ Баланы балабақшаға тіркеп, бірақ басқа балабақшаға ауысуды күту үшін оны барғызбау – **рұқсат етілмейді**. Тіркеуден кейін ата-ана баланың қатысу табеліне қол қоюы керек. Бұл құжаттар негізінде балабақша мемлекеттік қаржы алады. Егер бала балабақшаға бармаса, бірақ табельдерге қол қойылса, бұл бюджет қаражатын мақсатсыз пайдалану деп саналып, ата-ана қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

